

Шортанды ауданы ЖК «Азденбаев Ж.Т» «Амина» бобекжайы

Бекітемін:

Амина бобекжайының меңгерушісі:
Мельченко В.А



«28» тамыз 2026ж

**2026-2027 оқу жылына арналған
Тәрбиелеу және білім беру процесінің циклограммасы**

«Жалын» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Мейремхан.М

Шортанды ауданы

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Амина» бөбекжайы

Топ: Жалын мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 01.09.2026 ж. - 04.09.2026 ж.

Педагогтің аты-жөні Мейремхан Маржангул

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы: «Жаныңызға жақын жұмысты таңдаңыз, сонда өміріңізде бір күн де жұмыс істеуге мәжбүр болмайсыз.» Конфуций					
Балаларды қабылдау		Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Кел, достарым, келіндер! Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Көңіл күй” https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgZUyE.mp4	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Сәлем, сәлем” https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! (қарым-қатынас іс-әрекеті,

		(қарым-қатынас іс-әрекеті)	(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	/videos/video_file/9/privet.mp4 (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдері мен әңгімелесу, кеңес беру		Әңгімелесу: "Балабақшаның ережелері". 1 қыркүйек – Білім күні «Балабақша – жайлы үй». Балабақшаға экскурсия (бару, виртуалды)	Әңгімелесу: "Баланың тазалығы" «Тілім – менің тірегім» мәнерлеп оқу байқауы.	Әңгімелесу: "Баланың тазалығы" «Тілге бойлау» зияткерлік-танымдық ойыны.	Әңгімелесу: "Баланың тазалығы" Қазақстан халқы Тілдері күнін өткізу.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		1 қыркүйек - Білім күні «Балабақша - жайлы мекен» «Менің Қазақстаным»: Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (музыка, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауда әннің сөздерін анық айту, орташа (қатты) дауыспен ән айту. Дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету, оның маңыздылығын түсінуге жағдайлар жасау. Отансүйгіштікке тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие» Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Алаңда тәртіп пен тазалық	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". (танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуды үйрету. Дидактикалық ойын: «Менің балабақшам» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балаларды адамгершілік	Қазақстан халқы тілдері күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: асхана бойынша кезекшілік. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтау кезінде тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін шын ниетпен еңбектенуге тәрбиелеу. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілім менің тірегім» (қарым-қатынас іс-әрекет) Қабылан Боранбаев «Тіл». Ащы, бірде тәттісің, Жұмсақ, бірде қаттысың. Жарылқайсың досыңды, Жасытасың жат күшін. Тапқыр тілім, қайдасың, Көрсет сөздің пайдасын.	"Ұлттық сезім" күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. Дамытушы жаттығу. "Көзді жұмып тұрып, тепе-теңдікті сақтау". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларға көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту. Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі
--	--	---	---	--	--

		сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. Балабақшада экскурсия өткізу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балабақшаның бөлімдері мен қызметкерлердің жұмысын көрсетіп, балабақшаны ұқыпты ұстауға және қызметкерлердің жұмысын бағалауға үйрету. «Тілге бойлау» жобасы қазақ тілін меңгеру BilimKids дамытушу мультфильм Балабақша https://youtu.be/dYhB7KousIA	құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге үйрету. Үстел үсті ойыны. "Лото. Қыздар мен ұлдардың киімдері". (қазақ тілі, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ойыншықтарды, заттарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Кімге, не керек? Қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді. Боямақ суреттермен жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар)	Жақсылықты жаңғыртып, Үнің әсем сайрасын. Жамандыққа жанассаң, Отыз тісім шайнасын! Боямақпен жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бейненің сұлбасы сыртына шықпай қарындаш, фломастермен штрихтап бояуды жетілдіру.	аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікті ұзақ сақтап тұруды үйрету. Қағаздан құрастыру жаттығулары. Оригами (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Балалардың қалаулары бойынша, таңдалған бейненің сызбасына қарап, қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.
--	--	--	--	---	---

			қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару.		
--	--	--	---	--	--

[illegible]

		1 - 4 - сол аяқпен секіру. 1 - 4 - екі аяқпен секіру. 5. Тыныс алуды реттеу жаттығуы.	1 - 4 - сол аяқпен секіру. 1 - 4 - екі аяқпен секіру. 5. Тыныс алуды реттеу жаттығуы.	1 - 4 - сол аяқпен секіру. 1 - 4 - екі аяқпен секіру. 5. Тыныс алуды реттеу жаттығуы.	1 - 4 - екі аяқпен секіру. 5. Тыныс алуды реттеу жаттығуы.
--	--	--	--	--	--

Таңғы ас		Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
----------	--	---	---	---	---

Ұйымдас- тырылған іс- әрекетті өткізуге дайынды- қ	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Аналар мектебі": Балалар кітапханасы: Білім күніне. Абай, Алтынсарин, Торайғыров өлеңдерін оқу. "Әжелер мектебі": балалар театры бұрышын безендіру, балалар шығармашылығына материалдарды даындау. Өлең оқулары: «Тілім - менің тірегім» челленджі. "Күй күмбірі": "Балапан" (Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-ii «Өнегелі»: Танысу және сенім. Тақырыбы: «Мен кімін? Сен кімсің?» Мақсаты: балаларға ашылуға, жақынырақ танысуға, сенім атмосферасын құруға көмектесу.				
		«Тәрбиеші» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Байланыстыра сөйлеуді дамыту.	«Адал азамат. Этикет ережелері». (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту. Айналасындағылармен	Дамытушы мультфильмдер Шоколад (қоршаған ілеммен таныстыру, тіл дамыту жән көркем әдебиет) https://bilimkids.kz/kk/media/video/sokolad Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.	"Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту; оларға белсенді қатысу. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Патриоттық сезімді ояту.

			өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.		
--	--	--	--	--	--

Кестеге сәйкес ҮІӨ		Сауат ашу негіздері "Дыбыс және әріп". Міндеттер. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке баулу. Математика негізі "Мен және менің достарым". Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар жолағымен таныстыру, алты саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру; "бір" цифрымен таныстыру. "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Музыка "Білімнің - бұлағың"	Математика негіздері "Мен және менің достарым" (Бекіту). Мақсат-міндеттері. Сандық қатардың сандары туралы түсініктерді бекіту және сандық қатарды қою білігін дамыту. "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Алты көлемінде санау, жаттығу ойындарын орындауға жаттықтыру; аталған (көрсетілген) санға сәйкес келетін заттардың санын табу білігін жаттықтыруды жалғастыру; зейін, ойлауды дамыту; достық, өзара көмекке келу сезімін тәрбиелеу. Қазақ тілі "Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ынталандыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді,	Математика негіздері "Бақшадағы жемістер" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «бір» саны мен цифры туралы түсініктерді қалыптастыру. "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Заттарды санау және санын тиісті цифрмен сәйкестендіру біліктіліктерін арттыру. Тіл дамыту "Балабақша" Мақсат-міндеттері. Зат есімнің жекеше түрінен көпше түрін, ілік септігіндегі зат есімдерді (жекеше және көпше), зат есім тұлғасындағы сөздерден еркелету және жақсы көру мағынасында айтылатын сөздерді жасауды үйрету. Етістіктерді жалғаулармен қолдану. Етістіктің жекеше және көпше түрде жіктелуін, зат есімдерді есімдікмен қиыстыруды	Сауат ашу негіздері "Дыбыс және әріп". Қайталау Міндеттер. Сөздің мағынасына қызығушылық тудыру. Балалардың сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажырата білу қабілетін дамыту. Сөздік қорын, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Сурет салу "Гүл бағымызда өскен ақкекірелер". Мақсат-міндеттері. Балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы ақкекірелердің қарапайым сұлбаларын салуды үйрету. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу). Дене тәрбиесі "Допты тез лақтырамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бір қатарда
----------------------------------	--	--	--	--	---

		Мақсат-міндеттері. Қазақ халық аспабы домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, "күй" жанрымен, күйші-композитор Дәулеткерейдің шығармасымен таныстыру. Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру. Музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіру. Музыканың сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым әуендерді орындауға үйрету. Тіл дамыту "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу". Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында	қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдануды әдетке айналдыру; сөздік қорды ойыншықтарды білдіретін сөздермен байыту; фонематикалық естуді дамыту, [-ә], [-ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-ә], [-ө] дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету; сұрақтарға қысқа немесе толық жауап беруге баулу; ұқыптылыққа, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "Тақтайшаның үстімен адымдап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға тақтайшаның үстінен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруді үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: шыдамдылық,	үйрету. Сөйлеу әдебін қолдану дағдыларын қалыптастыру. Бір-біріне достық көзқараста болуға тәрбиелеу. Музыка "Оқу - білім азығы" Мақсат-міндеттер. Қазақ халық аспабы домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, "күй" жанрымен, күйші-композитор Дәулеткерейдің шығармасымен таныстыруды жалғастыру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіру. Музыканың сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым әуендерді орындауға үйрету. Қоршаған әлеммен	тұру және жүру; шашырап жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Көркем әдебиет "Ермек Өтетілеуовтің «Сәлем — сөздің анасы»" Мақсат-міндеттері. Балаларды Ермек Өтетілеуовтің «Сәлем — сөздің анасы» өлеңімен таныстыру. Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға дағдыландыру; еске сақтау; интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Ойлау қабілеттерін жетілдіру; өз әрекетіне саналы қарауға, әдептілікке, адамды құрметтеуге тәрбиелеу.
--	--	---	--	--	--

		әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру. Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.	икемділікті дамыту. Көркем әдебиет "Ш. Шаяхметов «Білімнің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" Мақсат-міндеттері. «Білімнің – бұлағың» өлеңін оқу. Әдеби шығарманы эмоционалды қабылдауына ықпал ету, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Диалогтік сөйлеуді дамыту, қойылған сұрақтарға толық жауап беруге баулу. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу.	таныстыру "Күз келді балабақшама!" Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсінуге көмектесу. Балабақша маңайында ауа райын бақылау кезінде күзгі құбылыстарды байқап, бір-бірінен ажырата білуді үйрету.	
--	--	---	---	--	--

2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын дамыту: белгілі тәртіпке сәйкес киімін шешіп (киіп), шкафтағы орнына орналастырып; киінуде құрдастарына көмекке келуге ынталандыру; гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру: ережені, тазалықты, әдептілікті сақтау. (өзіне-өзі қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Серуен		Күнді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күнді, оның өсімдіктер мен ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру. Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін құндылығын көрсету. Жұмбақ. Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай ... (Күн.) Көркемсөз Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! Болжам. Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде күн ыстық болатынын білдіреді. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: жәшіктерге құм толтыру. Мақсат-міндеттері. Балалардың бойында	Ауа райын бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы әңгімелеу; өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Қ. Мырза Әли «Аспанда» Аспан малға толып кетті – Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып,	Қашқаргүлді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың күзгі гүл — қашқаргүл (астра) туралы білімдерін кеңейтіп, бекіту; өсімдік әлеміне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Қашқаргүлдер гүлдеуге Ұзақ уақыт асықпайды, Күз мезгілі келсе де, Көлеңкелерде солмайды. Салқын күнге төзімді, Түрлі-түсті, әдемі, Қашқаргүлдер мектептің Қоңырауын күтеді. (Д. Ахметова) – Балалар, неге қашқаргүл (астра) – бұл гүл? Астра басқа гүлдерден несімен ерекшеленеді? Балалар сабақтың, жапырақтың, бүршіктердің, үшкір	Аспанды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз болғанын байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңайырақ, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте үлкейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды,
--------	--	---	---	--	---

		еңбекке құштарлықты ояту; шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жауапкершілікке баулу. "Қу түлкі" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін	Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: көгөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету; шамасы келетін, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. "Қарақұс пен балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар"	күлтелердің, қызғылт, күлгін, ақ түстердің ерекшеліктерін атап көрсетуі мүмкін. – Астралар күздің алғашқы суықтарынан қорықпайды, олар қыркүйек бойы бізге қуаныш сыйлап гүлдеп тұрады. – Астралар бөлмелерді, мекемелерді әсемдеуге кеңінен қолданылады, гүл шоғы ретінде сыйға беріледі. Олар суға салынса, ұзақ уақыт солмай, сергек тұрады. – Суретшілер де астраларды бейнелеуді жақсы көреді, олар көбіне натюрморттарда кездеседі. «Өнегелі тәрбие». Экология. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жұмысты бірлесіп орындауға ұмтылысты дамыту, бастаған ісін	Жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). «Үшінші артық» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.
--	--	---	---	---	---

		бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке,	болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң, ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады. Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. "Қияр, қияр" қимылды	аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Соқыртеке»	Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: қурап қалған
--	--	---	---	---	---

		ептілікке, зеректікке баулу. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. (дене тәрбиесі)	ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, күшпен лақтыру дағдыларын жетілдіру. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге жаттықтыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; кеңістікті бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау, қимылдарын үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз	шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу; бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жауапкершілікке баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру керек. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өз бетінше таңдауды үйрету.
--	--	---	--	---	---

				құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	
--	--	--	--	---	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды, жеке тарақты жеке гигиена заттарын пайдалану; қажеттілігін түсінуге мүмкіндіктер жасау; гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Суды саусак арасынан құр өткізген обалы". (Д. Ахметова)				
Түскі ас		Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

			дағдылар, дербес әрекет)		
Күндізгі ұйқы		Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Әлем ғажабы» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Құйрықтар» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)

Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықты ру шаралар ы	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. (дене тәрбиесі)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		Балаларға поэзия оқу. Мұзафар Әлімбаев «Біздің балабақшада». (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өлеңді мәнерлеп не жатқа, интонациямен айтуға ынталандыру; көркем шығармаларға, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Балабақша есігін Үшке тола ашқанбыз, Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. Бұл – екінші үйіміз, Бір туғанбыз бәріміз. Біз – осы үйдің гүліміз, Біз – осы үйдің сәніміз. Бұл – құшағы тым ыстық Мектебіміз бастапқы! Мұнда жақын туыстық, Бұнда тұңғыш дос таптық! "Сүйікті кітаптардың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Сөйлемдердегі сөздерді:	Балабақшадағы компьютерлер Балабақшадағы компьютерлерді қосып, таныстыру. QR ертегілердің қосуға арналған құралдармен таныстыру. "Tigtag Junior" бейнематериал қосу. Компьютерлер https://bilimkids.kz/media/video/kompyuterler «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Алтыатар ойыны". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар. Дорба, әртүрлі ойыншықтар мен заттар. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап тануға тырысуы; көрген заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері.	"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тілдің грамматикалық құрылымын дамыту; сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру; жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануды үйрету; сөздік қорын молайту, еске сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Педагог балаларға көздерін жауып, дыбыстарды мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машиненің сигналы, әңгімелескен адамдардың дауыстары және тағы басқа) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Ең көп сөзді айтқан бала, ойын жеңімпазы болып саналады. BilimKids дамытушы мультфильмді қосу. Мақсат-міндеттер: Таныс
--	--	---	---	---	--

		зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру; Балалар жазушыларына қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту. Боямақпен жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бейненің сұлбасы сыртына шықпай қарындаш, фломастермен штрихтап бояуды жетілдіру.	ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. Мүсіндеуден ойын-жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Мүсіндеуді тақырыбын өздігінен таңдауға мүмкіндік беру. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.	Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері алынбалы пластик қуыршақтар, лево ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "қызмет көрсету", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құрастырудан ойын-	дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. "Тез отырамыз!" https://cdn.onlinebalabagsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/28/tez-otyramyz.mp4 Сюжетті-рөлдік ойын "Балабақша". (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақша және онда жұмыс істейтін мамандардың негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс істейтін мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушысына қажетті құралдар.
--	--	--	--	---	---

				жаттығулар (шығармашылық іс- әрекет) Мақсат-міндеттер. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.	
--	--	--	--	---	--

Балалар мен жеке жұмыс		"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі) Жаңылтпаш. Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатта тақпақ, Жатта тақ-тақ. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Артикуляциялық жаттығу. Ін-ін-ін-ін, Егілді егін. Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай. Ек-ек-ек-ек, Сіңірдік көп еңбек (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті) «Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Туған тіл туралы мақал-мәтелдерді жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Шешендік өнерге баулу. Боямақпен жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бейненің сұлбасы сыртына шықпай қарындаш, фломастермен штрихтап бояуды жетілдіру.	"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Баланың сөздік қорын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен		Күнді бақылауды жалғастыру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру. Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа	Құмды бақылау (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: өлі табиғат түрі, құмның қасиеттерін анықтау: шашырағыштығы, борпылдақтығы, ылғал құмнан мүсін жасауға болатыны; балаларды құмнан сурет салу тәсілімен таныстыру; құмның қасиеттері туралы білімдерін бекіту. – Құмның түсі қандай? Құрғақ па, әлде ылғал ма? Жабысқақ па, шашырағыш па? – Құмсалғыштағы құм құрғап қалды. Құрғақ құмнан құрылыс салуға бола ма? Неліктен? (Ол шашырап кетеді. Құрғақ құмды шелекке салып, електен (тордан) өткізуге, үйінді етіп үйіп қоюға болады.) Зерттеу әрекеті "Құм неден тұрады?" Тарелкеге құм салып, оны ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Құмға магнитті батырып, оның бетінде	Ағаштар мен бұталарды бақылау. Күздің басы. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды (жапырақтардың түсуі) байқауға; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету; өсімдіктердің бұталар және ағаштарға жіктелуі туралы түсініктерді тиянақтау; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Бірдей емес өсімдіктер, Оларды ажырату, яғни, жіктеу: Ағаш, бұта, гүлдер, шөп; Пішіні әртүрлі, саны көп. Оларды біріктіретіні - күн астында өсуі, Күннен алатын жарығы мен жылуы. Өте қажет өсімдіктерді суару, Топырақты қопсытып, баптап, күту. (Д.Ахметова)	Ересектердің жұмысын бақылау. Аула сыпырушы (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас) Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту; аула сыпырушының еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсінуге, бағалай білуге тәрбиелеу. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Аула сыпырушыға жазда қандай еңбек құралдары керек? (күрек,сыпырғыш, шелек) - Ол жазда қандай жұмыс істейді? (жолдағы түскен жапырақтарды, қоқсықтарды тазалайды) - Аула сыпырушының еңбегі қажет пе? (Балабақша ауласы таза болуы үшін керек). Дидактикалық ойын: «Кімге, не керек?» Мақсат-міндеттер: балаларға адамдарға жұмыс құралдары қажет екенін түсіндіру, өздігінен жұмыс істеуге деген құштарлықты
--------	--	--	---	--	---

		тәрбиелеу. Шарты: балалар "күн" сөзін айтқанда барлығы қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» сөзі айтылғанда ашылып тұрған қолшатырдың айналасына жиналады. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін	пайда болған металл бөлшектерін бақылау. Құм – түрлі түсті, пішінді және өлшемді ұсақ тастардан тұрады. Құмда металл бөлшектері де кездеседі. Қолмен ұстағанда құмның беті кедір-бұдырлы болады. Құм және сумен тәжірибе. (таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: балаларды алаңдағы жұмысқа тартуды жалғастыру; суару, қопсыту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу. "Қу түлкі" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам	"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір	қалыптастыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: ойын алаңын ұсақ өсідік қоқымынан тазылыу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: учаскіні тазалауға көмектесу; жауапкершілікке, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Еңбек қауіпсіздігін қадағалау. "Тым-тырақай" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай
--	--	--	--	--	--

		ойындары. Балалардың өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.	жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Өз еркімен ойындар. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) БІнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; өзіне сенімділікті арттыру.	жаққа бағыттай отырып лақтыру. (дене тәрбиесі)	қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру; өзіне сенімділікті арттыру.
--	--	--	---	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды, жеке тарақты жеке гигиена заттарын пайдалану; қажеттілігін түсінуге мүмкіндіктер жасау; гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Суды саусак арасынан құр өткізген обалы". (Д. Ахметова)				
Кешкі ас		Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

			дағдылар, дербес әрекет)		
--	--	--	--------------------------	--	--

